


**Қазақ тілін оқытудың
дәстүрлі жүйесі мен жаңа
технологиялардың
сабақтыстығы**



Қазақ тілі сабағының құрылымы

Әрбір тілдік материалдар методикалық жүйе теориясы бойынша орналасады. Әр сыныптың шамасына қарай сұрыпталған тілдік материалдардың өзіндік белгілерін оқыту тәртібін *жүйе* деп атайды. Қазақ тілі бағдарламасындағы тілдік материалдар белгілі бір тәртіп бойынша орналасады. Алдымен орта мектепте *фонетика* оқытылады. Фонетикалық материалдардан кейін *лексика* саласы өтіледі. Лексика сөзінің түрлі мағыналық ерекшелігін қарастырады. Дыбысты және сөзді білген оқушы әр сөзге қосылатын қосымшалардың ерекшелігін білуге талпынады, осыдан кейін *морфология* саласы өтіледі. Алдымен сөз құрамдары, тақырыптары, содан соң сөз таптары материалдары оқытылады. Сөзді және қосымшаларын білген оқушыға сөз бен сөздің байланысын, сөйлем мен сөйлемнің үйлесімін білдіру қиынға соқпайды. Сондықтан да, синтаксис тақырыптарының оқытылуы осы орында беріледі.



Мектеп оқушыларына қазақ тілінен білім беруде тілдік материалдарды меңгертудің сатылы үш түрі бар.



Менгертудің аналитикалық басқышы. Әр сөйлемде немесе мәтінде неше дыбыс, неше әріп бар екендігін меңгерту үшін, әуелі жеке сөздерді буынға бөлдіреді, сонан соң дыбысты буынға, буынды сөз, сөздерге бөледі.

Менгертудің синтетикалық басқышы. Бұл кезде оқушылар сөйлемді сөзге, сөзді буынға, буынды дыбысқа қарай талдап, жинақтау дағдысын үйренеді. Жазу мен оқу нәтижесінде сөздерді есту мен көру бейнелері біріне бірі ықпалын тигізіп, есту бейнесі көру бейнесінсіз жұмсалмайтындығы аңғарылады. Белгілі бір сөздерді көргенде, оған есту бейнесінің де қосылатындығы байқалады.

Менгерудің аналитикалық-синтетикалық басқышы. Бұл процес кезінде оқушылар кез келген объектіні талдап, жинақтау дәрежесіне көтеріледі.





Қазақ тілі материалдарын меңгерудің негізгі процестері мыналар:



Қазақ тілі материалдарына дағдыландыру.

Бұл процесте қазақ тілі материалдарының өзіндік белгілерін түгел қамтитындай дағды түрлері іске асырылады. Бұл жұмыс процесі негізінде оқушыларда толық түсінік қалыптасады. Қазақ тілі тақырыптарын дағдыландыру, пысықтау, қайталау сияқты жұмыс процестерін өз ішінде қамтиды.



Қазақ тілі материалдарын түсіндіру


Жаңа құбылысты таныту арқылы оқушылардың дыбыс жүйесінің ой-өрісі, білім аясы, білімдік дәрежесі кеңейеді. Оқушыларға жаңа материалдардың өзіндік белгілерін қалыптастыруда, оларда мынадай түсінік пайда болады: 1. Өтіліп отырған материалдардың тақырыбын біледі. 2. Өткен материалмен жаңа тақырыптың байланысын табады. 3. Жаңа тақырыптың жасалу жолдарын, ережелерін меңгереді.



Қазақ тілі материалдарын еске түсіру.

Қазақ тілі тақырыптарын оқушыларға танытуда және оны оқушылар ойына қалыптастыруда психикалық әрекет пайда болады. Осы сезімнің негізінде қазақ тілі тақырыптарын оқушылар ойында қалыптастырудың дағдылары пайда болады.


Қазақ тілін оқытудағы дәстүрлі жүйе



Қазіргі заман талабы бойынша білім берудің ақпараттандырудың негізгі **талаптарының бірі** – оқу үдерісіне **мультимедиалық технологиялар** мен **коммуникативтік интерактивті** әдістемелердің үйлесімді байланысы негізінде жасалған, оқыту және тексеру электрондық бағдарламаларды, оқулықтарды енгізу. Интерактивті тақтаның келуіне байланысты оқытудың жаңаша әдісі пайда болды. Мұғалімдер өз сабақтарында мейлінше интерактивті тақтаны пайдалана отырып, жан-жақты ізденіп, сабақтарын қызықты, әрі тартымды, нәтижелі өткізуге тырысуда. Интерактивті тақтаның мүмкіншілігі шексіз.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жанаруымен қатар, оқытудың әдіс тәсілдерімен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Мектеп пәндерін оқыту процесінде интерактивті тақтаны пайдалану мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың білімге деген қызығушылығының, ізденушілікке деген ынтасының, сезімінің өсуіне әсер етеді. Сондықтан білім берудегі барлық оңды өзгерістер педагогтың жаңаша ойлау тәсілімен, жаңа шығармашылық іс-әрекеттерімен, ізденушілігіне байланысты.


Интерактивті тақтаның келуіне байланысты оқытудың жаңаша әдісі пайда болды. Мұғалімдер өз сабақтарында мейлінше интерактивті тақтаны пайдалана отырып, жан-жақты ізденіп, сабақтарын қызықты, әрі тартымды, нәтижелі өткізуге тырысуда. Интерактивті тақтаның мүмкіншілігі шексіз. Оны көрнекілік ретінде қарастырсақ, ол оқу нәтижесінің сапасына оң әсер етері сөзсіз. Бұл – бейнеконференциялар, мектептер арасында бірлескен сабақтар өткізу үшін қолданылатын ерекше жүйе. Сонымен қатар, пәндік көрнекі құралдарды бейнематериалдар арқылы көрсетуге болады



Сабақта интерактивті тақтаны дұрыс пайдалану мазмұнды ұғымдардың қалыптасуына көмектеседі, оқушылардың логикалық ойлау және сөйлеу қабілетін дамытуға, нақтылы құбылыстарды қарастыру және талдау негізінде, кейін практикада қолданылатын тұжырымдарға келулеріне көмектеседі.

Сонымен, оқуда интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушылардың білімі нанымды болады. Сонымен қатар интерактивті тақтамен орындалатын жаттығулар оқушылардың білімді меңгеруін жеңілдетеді, деректерді есте сақтауға ықпал жасайды.

Оқушылардың көпшілігі естігенінің **5%** және көргенін **20 %** есте сақтайтыны белгілі. Аудио – және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды **40-50 %** дейін арттырады.



Білім берудегі интерактивті
тақтаны қолданудың үш кілттік
бағытының артықшылығын
қарастырайық.

**1. Презентациялар,
демонстрациялар, модельдеуді
сабақтарда қолдану**


Интерактивті тақта – визуалды ресурс. Сабаққа қажетті кез келген суреттер, сызбалар, кесте, диаграммаларды қолдануға мүмкіндік береді. Интернет желісіне қосылып ақпарат алуға, оқу материалын қозғалмалы күйге келтіру, абстрактілі ойлау мен түсінуді моделдеуге, объектілерді ойлау мен түсінуді моделдеуге, объектілер арасындағы байланыс орнатуға болады.

**2. Сабақ барысында оқушылардың белсенділігінің
артуы**

Интерактивті тақтамен жаңа сабақ өткізу кезінде тиімді қолдануға болады. Әр пәннің өз ерекшелігімен қатар, өзіндік күрделілігі де болады. Сондықтан ұстаздың міндеті осы күрделілікті дұрыс құрастырып, сабақтың әр сағатын тиімді өткізу. Жалпы интерактивті тақтаны пайдалана отырып білімін жетілдіру барысында іскерлігін дамыту, тапсырмаларды орындау барысында теориялық білімдерін тиімді пайдалана білу. Белсенділік танытып тапсырмаларды ұқыпты орындаған оқушылардың ой-өрісін жан-жақты жетілдіруіне, шығармашылық қабілетін арттыруына, белсенділігін дамытуына ықпалы зор.

3. Уақыт ұтымдығы

Мысалы, жаңа тақырыпты, үй тапсырмасын жазып уақыт алмаймыз. Алдын ала дайындалған материалдарды қолдау арқылы тіпті қиын тақырыпты оқушыларға меңгеруге оңай болады. Қолданылған материалдарды сақтап қоюға болады. Тіпті шетелдік оқыту әдісінде сабаққа келмей қалған оқушыға дайын материалды беріп жіберіп, меңгеріп алуын қамтамасыз етеді.



Интерактивті тақтаны кез келген елде, кез келген білім беру саласында кез келген пәнді оқыту үшін қолдануға болады. Интерактивті тақтаны қолданудың негізгі әдістері:
(Ұлыбритания педагогтарының ұсынысы бойынша)

-Сабақ кезінде сақталған файлды оқушыларға беру.

- Интерактивті тақтаны компьютердің көмегімен басқару;

Конференциялар өткізу үшін басқа мектептермен байланыс орнату;

- Экранда көрсетілетін сурет туралы ақпаратты жоғары жаққа жазу;

- Видеороликтер көрсету, электронды оқулықтар пайдалану;

- Қолданылған материалды кейін пайдалану үшін файл түрінде сақтап отыру;

- Топпен тығыз жұмыс жасау;


- Интернеттен алынатын ақпаратты тікелей оқушылармен бірге іздеу;

Интерактивті тақта:

1. Оқушыларға жаңа материалды (иллюстрациялар, фотографиялар, бейнелік, дидактикалық материалдар) көрнекі түрде көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан материалды дайындауды және оны қолдану процесінде жеңілдетеді. Алдын ала жүргізілген тәжірибелі презентацияларды пайдалану балалардың оқуға деген ынталығын арттырып, сабақтың қызғылықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындалу мерзімін ең бастысы мұғалімнің уақытын қысқартады.

2. Компьютерлік сауатты болуды талап етеді. Өйткені сабаққа қажетті оқу материалдарын алдын ала мұғалімнің өзі дайындап қояды.

3. Интернет желісінен ақпарат іздеп, оны жүктеп алу жұмыстарын жасауды үйренеді. CD, DVD және электронды оқулықтарды пайдалана білуінің арқасында, мұғалім жан-жақты біліммен қаруланады. Білімін шыңдайды, шығармашылығы артады. Ақпараттық технологияны еркін меңгереді, бәсекеге қабілетті оқушы тәрбиелейді.



Болжамы:

Қазақ тілі сабағында дамыта оқыту технологиясы арқылы оқушылар шығармашылығын дамытуын қалыптастыруда пән мұғалімінің, оқушылармен жүргізетін жұмыстарының тиімділігі артады, егер:

- пән мұғалімі мен оқушылардың бірлескен жұмысы ғылыми әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етілсе;
- қазақ тілі сабағында оқушылардың шығармашылығын дамытуда ғылыми педагогикалық кәсіби бағыт берілсе;
- пән мұғалімі мен оқушылардың жұмысының жүйесі тиімді қарым – қатынас арқылы педагогикалық ынтымақтастықтың негізінде ұйымдастырылса.

Ойын арқылы

ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

- Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.**



Модульдік оқыту технологияның ықпалы



• Назарларыңызға
Рахмет!

